



Автор: Байсары Айкерім Есалықызы

Пән: Көркем еңбек

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Дизайн және технология

Тақырып: Материалдар мен жабдықтарды таңдау.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.2.2.1 Тігін машинасының жұмысында ақауларды анықтау және жөндеу. 7.1.6.2 Заманауи және дәстүрлі емес материалдардың бірқатарын тану және олардың тиімді біріктірілуі мен өңделу мүмкіншілігін анықтау. 7.1.6.3 Өңдеу тігін материалдары мен сәндік әшекей бұйымдарының жіктелуін және сипаттамасын анықтау, салыстыру.
Сабақтың мақсаты:	- Машина желісін және тігін машинаның істен шығу салдарын анықтау - Машина тігістерін орындай отыра, тігін машинаның ақауларын анықтау және жою. - Өз өнімдерін безендіре, үйлестіре отырып, киім безендіру түрлерін білу.
Тілдік мақсаттар:	• киімді трансформациялау тәсілдерін сипаттай алады; • фурнитуралар мен әрлеу тігін материалдарының сипаттамасы мен жіктелуін анықтайды, сипаттайды және салыстырады.
Күтілетін нәтиже:	Өңдеу тігін материалдары мен сәндік әшекей бұйымдарының жіктелуін және сипаттамасын анықтап салыстырады.
Бағалау критерийлері:	1. Иірілген жіп тоғысының сипаттамасы бойынша тігін машиналарын жіктейді 2. Тігін машинаның кемшіліктері мен дұрыс жұмыс істемеуін анықтайды, ақауларды жояды. 3. Тігін әрлеу материалдарының түрлерін, жіктелуін және сипаттамаларын атайды. 4. Шығармашылығында безендірудің аралас, түрлі әдістерін ұсына отырып, пайдаланады
Құндылықтарды дарыту:	Сыйластық, көмек. Өмір бойы білім алу. Тану және бағалау айырмашылықтарды және сәйкестілік түрлі факторларды және біздің ортақ адамзат тиесілі және әлемде өмір дағдыларын алу қабілетін дарыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ қолдану, таныстырылым, веб ресурстар.
Пәнаралық байланыс:	Технология, физика
Бастапқы білім:	Тігін машинаның құрылғысы, тоғыс түрлері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі, дайындықтарын тексеру 2. Оқушылармен бірлесіп оқу мақсаттарын және сабақ мақсаттарын анықтау, тапсырмалар және жетістік критерийлерімен танысу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	Практикалық жұмыс. Жаттығу 4.1 (Ө) Мұғалім машина тігісінің сапасын реттеуді көрсетеді. 4.2 (Т) (Қ) Оқушылар ақауы бар машина тігістерінің үлгілерін қарап шығады. Машина жұмысындағы кемшіліктердің түрін және оны жөндеудің тәсілдерін анықтап, «Тігін машинасымен жұмыс кезінде кездесетін ақаулар» кестесінің бос бөлігіне мәліметтер толтырады. 4.3(Ө) Мата кесінділерінде жоғарғы жіптің тартылуын реттеу бойынша жаттығулар жасайды. 5. Бақылау негізінде зерттеу 5.1 (Ұ) Киім үлгілерін безендіру түрлері бойынша көрсетілім. 5.2(Ұ) Мұғалім ұсынған киім үлгілерінің суреттері бар иллюстрациялардан әшекейлі материалдармен, фурнитуралармен безендіру түрлерін іздеу және талқылау. (Ұ) (Қ) Оқушылар сұрақтарға жауап береді: Модельдерде қандай безендіру түрі қолданылған? Қандай модельдерде бау, сызба, таспа, тоқымасыз материалдар қолданылған? 6. Практикалық жұмыс 6.1(Ө) (Қ) Безендіру материалдарымен эксперимент жасау. Алдыңғы сабақтарда дайындаған нобайды қолдана отырып, түрлі материалдардан масштабта шаблон (картон, тоқыма матасы, пленка жәнет.б.) орындайды, оны безендіру материалдары мен фурнитуралар мен әшекейлейді. 6.2 Сыныпқа нобайларын ұсынып, талқылаудан кейін өзгертулер енгізеді.	
Сабақтың соңы (5 минут)	7. Өзін-өзі бақылау және сабақ критерийлердің өзін-өзі бағалау. Оқушылармен сабақтың соңында атқарылған жұмысқа талдау жасау. Кері байланыс. 8.Үй тапсырмасы ретінде оқушылар әрлеу материалдарымен тәжірибе өткізеді, мысалы бұйым шетіне қиық бейканы тігу.	
Рефлексия (3 минут)	"Жалғыз құты" әдісі	